

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНОЛОГИЯ

УГОЛОВНОЕ ПРАВО И КРИМИНОЛОГИЯ

CRIMINAL LAW AND CRIMINOLOGY

ӘОЖ 343.352.4

Қ.Ж. Қапсәлімов¹, С.С. Қапсәлімова²

¹«Туран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан;

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: Guf-2030@mail.ru)

Сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күресудегі шетелдік тәжірибе

Бүгінгі күні еліміз бұрын болмаған саяси және экономикалық жүйені түбірімен қайта құруда өз тарихында күрделі кезеңді бастан кешуде. Оның куәсі қазіргі уақытта экономикалық қайта құрудың нақтылы нәтижелеріне қолжеткізіліп, іс жүзінде өндірісті реттеудің нарықтық тетігі қалыптасып, тауарлық жетіспеушілік құрдымға кетіп, сыртқы саудадағы оңтайлы сальто тұрақты қамтамасыз етілді. Дегенмен, өкінішке орай, осы нарықтық шаруашылықты қалыптастыру өмірге бірқатар жағымсыз құбылыстар мен процестерді ала келді. Олардың бірі — елдің экономикасына үнемі кері әсерін тигізіп отырған сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономикалық қызмет. Экономика саласындағы қылмыстылықтың көптеген себептерінің ішінде сыбайлас жемқорлық та бар екендігі бізге мәлім. Оның көптеген анықтамалары бар. Дегенмен, осы анықтамалардың тоғысатын жері, билеуші элитаның өз билігін немесе байлығын жоғарылату үшін мемлекеттік ресурстарды жағымсыз жағдайда пайдалануы. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар лауазымды тұлғалардың қызметтік мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, қылмыстық ниеттерін іске асыруынан көрінеді. Өкінішке орай, осы кеден саласындағы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ішінде сыбайлас жемқорлыққа байланыстары бар тұлғалар да қызмет істейді. Бұл жұмыста қарастырылған шетелдердің мемлекеттік қызметкерлерінің, оларға теңестірілген лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ олармен аралас қызметтегілердің сыбайлас жемқорлық фактілері үшін жауапкершілігін реттеудегі тәжірибесі алуантүрлі, көбінесе қарама-қайшы және құбылмалы, бірақ назар аударуға тұрарлық. Дегенмен, қарастырылған шетелдік нормалар сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы іс-қимыл мәселелерін шешумен байланысты отандық нормашығармашылық қызметте пайдалы болуы мүмкін.

Кілт сөздер: құқықтық саясат, сыбайлас жемқорлық, жемқорлыққа қарсы әрекет, халықаралық-құқықтық тәжірибе, жемқорлыққа қарсы саясаттың дамуы, жемқорлықпен күресу мәселесі.

Сыбайлас жемқорлықпен күресуде халықаралық-құқықтық тәжірибені қолданудың пайдасы өте көп. Отандық заңнамаға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың көбісі шетел тәжірибелерінен келеді. Мысалы, Ата Заңымызды қабылдау үшін Италия конституциясының үлгісін пайдаланғаны баршамызға белгілі. Сонымен қатар аталған елеулі дертпен тиімді күресу шараларын да шетел құқық қорғау органдары жүргізетін шаралар сияқты пайдаланып келеді.

Батыс елдерінде пара алумен, жалпы сыбайлас жемқорлықпен күресу — алға қойылған міндет. Бұл зардапқа мемлекет тарапынан аса үлкен назар аударуда. Мысалы, Герман Федеративтік Республикасында сыбайлас жемқорлықпен федералдық деңгейде Бундестаг (қылмыстық-құқықтық және басқа актілер қабылдап) және жергілікті деңгейінде Ландтагтар (қызметтік-құқықтық актілер қабылдап) күрес жүргізеді.

Бүгінгі күні еліміз бұрын болмаған саяси және экономикалық жүйені түбірімен қайта құруда өз тарихында күрделі кезеңді бастан кешуде. Оның куәсі қазіргі уақытта экономикалық қайта құрудың нақтылы нәтижелеріне қолжеткізіліп, іс жүзінде өндірісті реттеудің нарықтық тетігі қалыптасып, тауарлық жетіспеушілік құрдымға кетіп, сыртқы саудадағы оңтайлы сальто тұрақты қамтамасыз

етілді. Дегенмен, өкінішке орай, осы нарықтық шаруашылықты қалыптастыру өмірге бірқатар жағымсыз құбылыстар мен процестерді ала келді. Олардың бірі — елдің экономикасына үнемі кері әсерін тигізіп отырған сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономикалық қызмет. Бізге белгілі экономика саласындағы қылмыстылықтың көптеген себептерінің ішінде сыбайлас жемқорлық та бар. Оның көптеген анықтамалары белгілі. Дегенмен, осы анықтамалардың тоғысатын жері — билеушілік элитаның өз билігін немесе байлығын жоғарлату үшін мемлекеттік ресурстарды жағымсыз жағдайда пайдалануы [1; 77]. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар лауазымды тұлғалардың қызметтік мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, қылмыстық ниеттерін іске асыруынан көрінеді. Өкінішке орай, осы кеден саласындағы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ішінде сыбайлас жемқорлыққа байланыстары бар тұлғаларда қызмет істейді. Оның айқындығын еліміздегі осы салада қызмет ететін қызметкерлерге қатысты қозғалып отырған қылмыстық істерден көруге болады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі қазіргі уақытта дүниежүзілік өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Оның куәсі Біріккен Ұлттар Ұйымының 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының алғысөзінде «сыбайлас жемқорлықтың ендігі жерде локалды мәселе емес екендігі, оның барлық елдердің экономикасы мен қоғамына қатысты трансұлттық құбылысқа айналғанын» атап өткен. Сондай-ақ аталмыш құжатта бүгінгі күні сыбайлас жемқорлықпен күрес және оның алдын алу саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың ерекше маңыздылығы, келешекте көпсалалы және баршасын қамтитын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу тиімділігі үшін қажетті әдістеме боларын атап көрсеткен.

Батыстың көптеген елдерінде қауіпті сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күресуде қатаң шаралар қарастырып отырғаны бәрімізге белгілі. Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың ішінде ерекше көңіл бөлетін мәселе — парақорлық, қызмет бабын теріс пайдалану. Мұндай қылмыстар үшін әр елдерде әртүрлі жаза қарастырылған. Кейде лауазымды адамға «алғыс ретінде» берілген «сыйлықты» қылмыс болып табылатын парадан айыруды қажет етеді. Мәселен, АҚШ-та бұл проблема шешілген мемлекеттік қызметкер құны 100 долларға дейінгі сыйлықты еркін ала береді. Ал Германияда сыйлық құны 50 маркадан аспауға тиіс [2; 12].

1992 жылы Францияда 1810 жылдан қолданыста күші бар Наполеон кодексін алмастырып, жаңа қылмыстық кодекс қабылданды. Ол жаңа кодексте лауазымдық қылмыстарға қатысы бар нормалар едәуір өзгеріске ұшырады. Жаңа кодексте лауазымды қылмыстар қатарынан мемлекеттік қызметкерлердің қызмет бабын теріс пайдалануын өзгертіп, оларды лауазымды адамдар жасаған немесе өнеркәсіптік немесе коммерциялық кәсіпорындардың басшылары мен қызметкерлері жасаған деп екі бөлек нормаларға бөліп тастаған. Бірінші жағдайда — 10 жыл, екінші жағдайда 7 жыл түрмеде қамау жазасын белгіленген. Жариялық билік өкілінің өзі тікелей немесе біреу арқылы қандай да бір сыйлық алғандығы үшін 2 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырып, 200 мыңнан 1 млн франкке дейін айыппұл төлеу жазасы қарастырылған.

Бұл елде парақорлық үшін де қылмыстық жауаптылық қарастырылған нормалар өзгеріске ұшырады. Бұл нормалар бойынша пара лауазымды адамдардың өзіне тиесілі емес соманы заңда көзделген деген сылтаумен алуы («енжар парақорлық») және пайыздарды заңсыз алу деп бөлінді. 1945 жылға дейін жалпы парақорлық үшін жауаптылық және жеке компаниялар қызметкерлерінің парақорлығы үшін жауаптылығы туралы заңда қарастырылған болатын. Бұл нормалар парақорлық үшін жауаптылық көзделген басқа заңдармен біріктіріліп, қылмыстық кодекске енгізілген.

Парақорлықтың қарапайым нысанына мемлекеттік билік өкілінің немесе айрықша өкілеттік берілген адамның өз өкілеттігін пайдаланып, заңсыз салық жинауға бұйрық беруі, ал егер ол жиналған ақшаның сомасы заңсыз жинауға болатыннан асып кетсе — 5 жыл түрмеде ұстау және 500 000 франк айыппұл түрінде жаза қолданылды [3; 59].

Парақорлықтың «енжар» нысанында мемлекеттік биліктің өкілі немесе айрықша өкілеттік берілген немесе сайлау мандаты бар адам, өз міндетін орындағаны немесе орындамағаны үшін одан пайда көрген адамнан қандай да бір сыйақы талап етсе, ол 10 жыл мерзімге түрмеге қамалады және 1 млн франк айыппұл төлейді. Егер жоғары аталған лауазымды адам кәсіпорын қызметіне толықтай немесе жартылай басшылық етіп, бақылау жүргізіп тұрған кездегі кәсіпорын қызметінен түскен пайызды өзіне тікелей немесе біреу арқылы алып тұрса немесе ұстап қалса, ол 5 жыл мерзімге түрмеде ұстауға және 500 000 франк айыппұл салу түрінде жазаланады.

Француздардың бұрынғы қылмыстық заңында енжар парақорлық жасаған адамға 2 жылға дейін түрмеде ұстау және 1500 франк айыппұл салу түрінде жаза қарастырылған және бұл жаза мынадай жағдайларда қолданылған:

– сайлау мандаты бар адамдар, әкімшілік немесе сот органдарының жария лауазымдағы адамдары, әскерилер, агенттер немесе мемлекеттік мекеменің сенім білдірілген адамы, мемлекеттік органда жұмыс істейтін адам, егер олар өз қызметтік міндетіне кіретін әрекетті орындағандары үшін пара алса;

– сот немесе тараптардың біреуі — тағайындаған арбитр немесе сарапшы, егер ол тарап үшін қолайлы немесе қолайсыз шешім немесе қорытынды жасаса;

– дәрігерлер — адамның бойында қандай да бір аурудың бар екендігін жасырғандығы немесе жоқ ауруды бар деп жалғандық айтқаны үшін пара алса.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының бірі — «билікті пайдаланып, қиянат жасау». Францияның 1992 жылғы Қылмыстық кодексінде қылмыстың бұл түрі екі топқа бөлінген:

– билікті басқару жүйесіне қарсы теріс пайдалану;

– билікті жеке тұлғаларға қарсы теріс пайдалану.

Бұл Қылмыстық кодекстің билікті басқару жүйесіне қарсы теріс пайдаланғандығы үшін жауаптылық көзделген нормаларында, заңды теріс қолданғандығы деп танитын әрекеттерге нақты сипаттама бермеген. Мысалы, оған мемлекет билік өкілінің өз қызметтік міндетін орындау барысында заңды бұзғандығы жатқызылған. Ол үшін бірнеше жылға дейін бас бостандығынан айыру және 500000 франк айыппұл салу жазасы көзделген. Ал егер қылмыстың қандай да бір зардаптары болса, жаза екі есеге ұлғаятын болған [4; 79].

Мемлекеттік билік өкілі, лауазымдық қызметін жүзеге асыру құқығы бар адам немесе сайлау мандаты бар адам өз қызметінің тоқтағаны жайында ресми хабар алғаннан кейін де қызметін орындауды әрі қарай жалғастырса, яғни шешімге бағынбаса, ол 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға және 200 000 франк айыппұл төлеуге жазаланады.

Кодексте қызметтегі жалғандық үшін жауаптылық қарастырылмаған, ол Қылмыстық кодекстің 4-кітабына кіретін «Қоғамдық сенімге қиянат жасау туралы» тарауда берілген.

Жалғандық үшін жауапкершілікке жеке адам да, лауазымды адам да тартылады, бірақ кейінгінің жазасы қатаңырақ, «Мемлекеттік бақылау органдарына мемлекеттік қызметтегі адамдардың қолсұғуы туралы» тараудың нормаларына да назар аударалық. Онда «өз қызметін бәсекелестік бар секторда және жеке құқық нормаларына сәйкес жүзеге асырушы кез келген мемлекеттік кәсіпорын жеке кәсіпорынға теңестірілген» және бұл ереже мемлекеттік мекемелердің, ұлттық кәсіпорындардың капиталының 50 %-дан астамы тікелей немесе жанама мемлекетке тиесілі, экономикасы аралас компаниялардың қызметкерлеріне таралады делінген. Сонымен, заң шығарушы коммерциялық кәсіпорындар қызметкерлерін бұл қылмыстың субъектілері қатарынан алып тастады.

Германияның 1987 жылы қабылданған Қылмыстық кодексі жайында да айта кеткен жөн. Неміс заңгерлерінің алдында мемлекеттік қызметкерлер жасаған қылмыстарды коммерциялық ұйымдардың басшы қызметкерлері жасаған сондай әрекеттерден айырып алу проблемасы тұр.

Лауазымды адам ұғымына Қылмыстық кодексте «герман құқығына сәйкес: а) шенеунік немесе судья болып табылатын; ә) өзге де жария-құқықтық қатынастарда тұратын немесе б) қандай да бір билік органында немесе басқа мекемеде не оның тапсырмасымен жария басқару міндетін жүзеге асыруға тиісті адам» деп анықтама берілген. Бірақ кейбір жағдайларда «биліктің қандай да органында жария басқару міндетін жүзеге асырушы қызметкер де» лауазымды адам ретінде жазалануы мүмкін. Бұл паракорлық үшін жазаланатындар шеңберін кеңейтеді.

Паракорлық үшін қылмыстық жауапкершілікті анықтағанда герман заңнамасы лауазымды адамның өз қызметтік міндетіне жататын заңды әрекеттерді орындағанына немесе қызметтік міндетке қайшы келетін заңсыз әрекетті орындағанына аса көңіл бөледі [3; 68].

Қандай да бір әрекетті жасағаны немесе жасайтыны үшін өзіне мүлкітік пайда талап еткен, алған немесе ондайға уәде алған лауазымды адам 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе айыппұлға жазаланады.

Әділсот жүргізу кезінде судьялардың немесе төрелік судьялардың жасаған тура осындай іс-әрекеті бұл қылмыстың саралаушы құрамы ретінде қарастырылған. Ол үшін 3 жылға дейін қамауда ұстау немесе айыппұл төлеу түрінде жаза белгіленген.

Егер субъект өзі талап еткен пайданы нақты немесе уәде түрінде алып, ол жайында билікті тез хабардар етсе немесе ол пайданы алуға құзыретті орынның келісімі болса, онда ешқандай жазалау шарасы қолданылмайды.

Сонымен, ГФР-ның ҚК-сінде лауазымды адамдардың немесе судьялардың пара үшін жасайтын әрекеттерінің сипаты туралы ешнәрсе айтылмаған. Керісінше, ҚК-де лауазымды адамның өз

қызметтік борышын бұзатын әрекетті жасағаны үшін қандай да бір материалдық пайда талап еткендігі, алғандығы немесе ондайға уәде алғандығы қарастырылған және мұндай қылмыс үшін 6 айдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру, ал ауырлығы шамалы жағдайда – 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе айыппұл түрінде жаза көзделген [5; 73].

Егер мұндай әрекетті судьялар немесе төрелік судьялар жасаса, жаза қатаңырақ — 1 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру және ауырлығы шамалы жағдайда — 6 айдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Қызметтік борышты бұзу болып табылатын әрекетті пара үшін жасаған жағдайға қатысты қылмыстық жауапкершілік емес, іс жүргізу шаралары көзделген — ол үшін айыптының өзінің контрагентіне өз міндеттерін бұзуға немесе өз өкілеттігін теріс пайдалануға даяр екендігін іс жүзінде көрсетсе болғаны.

Германия Қылмыстық кодексінде пара бергендік үшін жауапкершілік туралы нормалар: лауазымды адамның пара үшін заңсыз әрекет жасауымен байланысты және оның өз қызметтік міндеттерін бұзумен байланысты пара ұсынғандық үшін жауапкершілікке бөлінеді.

Парақорлықпен байланысты қылмыстардың субъектісі жайында мыналарды айта кеткен жөн. Германия құқығында пара алғандық үшін жауапкершілігі жоғары лауазымды адамдардың ішінде тек судьялар мен төрелік судьялар ғана аталған. Ал басқа лауазымды адамдар, қандай биік және жауапты жұмыстар атқарғанымен, ҚК-тің лауазымдық қылмыстар туралы тарауында аталмайды [3; 110].

Сонымен қатар бұл тарауға лауазымды адам болмаса да, «жария қызмет өтеуге тікелей шақырылған» адамдар да кірген, бұл пара алғандық үшін жауапкершілік туралы нормалар бойынша қудаланатын адамдар шеңберін кеңейтеді. Және де бундесвер әскерилері пара алуы мүмкін субъектілер қатарында жоқ, ал солдатты пара беріп заңсыз да, заңды да әрекет жасауға итермелеген адам үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген. Бірақ 1997 жылы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңның қабылдануымен байланысты қылмыстық заңнамаға мына жағдайларға қатысты едәуір өзгерістер енгізілді:

– лауазымды адамдар қатарына тек мемлекеттік қызметкерлерді ғана емес, коммерциялық ұйымдардың және басқа шаруашылық субъектілерінің басшы адамдарын жатқызу есебінен лауазымды адам ұғымының ауқымы кеңейді;

– егер қылмыстық ұйым тарапынан пара берілген болса, бұрынғыдай оны берген нақты адамды анықтаудың қажеттілігі жоқ, енді пара бергендік туралы айып қылмыстық топқа түгелдей тағылады. Мекеменің қызметкерлерімен жақсы қатынаста болу үшін ұдайы қызмет көрсетіп немесе садақ-құрбандық беріп тұру да заңсыз деп танылды;

– қайырымдылық ұйымдарының қажетті әкімшілік шешімдерінің қабылдануын көздеген құрбандықтары да заңға қайшы деп қарастырылады;

– паракорлық үшін жазалау шегі 2 жылдан 3 жылға, ал судьялар үшін 3 жылдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айыруға көтерілді [5; 125].

Қызметтен тәртіптік жаза бойынша шеттетілген қызметкерге, егер ҚК-де қарастырылған кейбір қылмыстардың жолын кесу үшін шара қабылдап, тергеу органдарына белсенді көмектесе, оған 65 жасқа толғаннан кейін ай сайын ақы төлеп тұру көзделген.

Америка Құрама Штаттарының қылмыстық заңнамасында паракорлықтың төрт негізгі нысаны көрсетілген:

- жария әкімшілік қызметіне нұқсан келтіретін паракорлық;
- коммерциялық паракорлық;
- кәсіподақтар қызметіндегі паракорлық;
- спорт саласындағы паракорлық.

Парақорлық жайлаған сала мұнымен бітпейді. Кейінгі үшеуін қоя тұрып, жария әкімшілік қызметіне нұқсан келтіретін қылмыстарға баса назар аударайық. Мұндай паракорлық үшін жауаптылықты реттейтін нормалар американдық заңнамада жан-жақты баяндалған [2; 17].

Америка Құрама Штаттарының қылмыстық заңнама жинағында «Адал емес табыстар паракорлық, лауазымды адамдардың өз қызмет бабын теріс пайдалану» деп аталатын арнайы тарау бар. Бұл заңда пара алған адам да, пара берген адам да паракорлық субъектісіне жатқызылған. Пара алатын лауазымды адамдардың қатарына келесілер жатады:

– конгресс немесе тұрақты комиссиялардың мүшелері, АҚШ-тың департаменттер өкілдері, атқарушы билік органдары атынан әрекет ететін адамдар немесе қызметкерлер;

- лауазымды тұлғаның міндетін атқару үшін таңдап алынған немесе тағайындалған адамдар;

– арнаулы үкімет қызметкерлері, оның қатарына федералдық заң шығарушы және атқарушы органдардың, кез келген тәуелсіз органдардың, сыйақыға немесе сыйақысыз жылына кемінде 130 күн жұмыс істейтін шенеуніктер мен қызметкерлер кіреді [3; 108].

Америкада осындай мақсатта берілген пара үшін жауаптылық көзделген:

– лауазымды адамның қарауындағы мәселенің шешіміне ықпал ету үшін;

– лауазымды адамды қандай да бір жалған әрекет жасауға немесе мүлдем әрекет жасамауға итермелеуге көндіру үшін.

Пара алушылар жоғарыда көрсетілген санаттардағы лауазымды адамдар болып танылады. Әрине, параны алудың және берудің мақсаты лауазымды адамды заңды да, заңсыз да әрекеттерге итермелеу болғандықтан, параны алғандары және бергендері үшін он мыңнан астам долларға дейін айыппұл және екі жылға дейін түрмеде қамау жазасы көзделген [6; 32]. Мұндай қылмыстар үшін бұрынғы қызметкер де, келешек қызметкер де жазалануы мүмкін. Мемлекеттік қызметкерлер жасайтын лауазымдық қылмыстардың екінші тобына — қызмет бабын теріс пайдаланғандыққа — негізгі лауазымдық міндеттермен үйлеспейтін қызмет атқару жатады. Конгресмен немесе Конгреске сайланған адам, не тұрақты комиссияның мүшесі Талап сотында тәжірибе жүргізетін болса, ол оның қызмет бабын теріс пайдаланғандығы болып табылады.

Заң шығарушы, атқарушы немесе сот органдарының мемлекеттік қызметкері немесе жалданып жұмыс істейтін адамы, егер өз міндетіне жатпаса, АҚШ қойған қандай да бір талапта өкіл немесе айыптаушы бола алмайды, ондай талап қоюда көрсеткен көмегі үшін сыйақы, пайызды үлес алуға тиісті емес. Бұл нормаларды бұзғандық үшін 10000 долларға дейін айыппұл немесе 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Жоғарыда аталған лауазымды адамдар өзінің бас пайдасы үшін қандай да бір іске мемлекеттік қызметкер ретінде араласса, ондай әрекет үшін де қылмыстық жауапкершілік көзделген [2; 19].

Лауазымды адамға келетін пайда мардымсыз және оның мәртебесі одан зардап шекпейді деп санап, жоғарғы тұрған лауазымды адам жазбаша рұқсат берген жағдайда ғана, ол қандай да бір іске қатыса алады.

АҚШ заңнамасында сайлаумен және саяси қызметпен байланысты қылмыстар өзінше бөлек тарауда қарастырылған. Қандай да бір сайланбалы орынға үміткердің өзін қолдағаны үшін біреуге қызмет уәде еткендігі қылмыс деп саналады. Сенаторлардың, өкілдер палатасы мүшелерінің, басқа да мемлекеттік қызметкерлердің саяси ынтымақтастыққа өзінің тікелей немесе біреу арқылы сұраншақтануы да қызмет бабын теріс пайдаланғандық болып табылады. Бұл көрсетілген әрекеттер үшін 5000–10000 долл. айыппұл немесе 2–3 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде жаза белгіленген.

Нью-Йорк штатының Қылмыстық кодексінде лауазымдық қылмыстарға «Жария басқаруға қарсы қылмыстар» деп аталатын тарау арналған. Онда лауазымды адамның заңсыз әрекеттері, лауазымдық міндетті жүзеге асыруға кедергі жасағандық, паракорлық, сондай-ақ сот әділдігіне қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік көзделген баптар біріктірілген.

Бұл тұжырымдама бойынша, паракорлық құрамы үш дәрежеге топтастырылған. Басқаларға қарағанда, бұл Штаттың заңнамасында пара алу-беру қылмыстың өзінше дербес құрамы ретінде қарастырылған. Паракорлықтың үш дәрежесіне тиісінше параны алудың-берудің де үш дәрежесі қарастырылмаған. Ал жария қызмет алу мақсатындағы паракорлық қылмыстың өзінше дербес құрамына жатқызылған [7; 269].

Паракорлықтың барлық үш дәрежесі де ауыр қылмыстар болып саналады, олар параның сомасына қарай «В», «С», «Д» деп белгіленді. Үшінші дәрежелі паракорлық «Д» класының фелониясына жатады. Бұл ретте пара беруші жария қызметкердің өзінің айтқанын істеуге келіскені үшін қандай да бір оған материалдық пайда келтіруге уәде етеді. Мұндай қылмыстар 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға алып келеді.

Екінші дәрежелі паракорлықта да осындай әрекеттер орын алады, бірақ параның мөлшері 10000 долл. асады, ал ол үшін 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде жаза көзделген. Бірінші дәрежелі паракорлықта параның мөлшері рөл атқармайды, бұл жерде «А» класының фелониясына жататын қандай да бір ауыр қылмысты жасағаны немесе жасауға талпынғаны үшін кез келген адамды тергеуге, қамауға, айыптауға немесе оқшаулауға бағытталған ықпал жасалынады, ол үшін 25 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген.

Жария қызметкердің өз міндеттерін бұзғандығы үшін қандай да бір пайда көруі «Е» класының фелониясына жатады, ол үшін 4 жылға дейінгі мерзімге қамауда ұстау белгіленген. Заңсыз сыйақы

беру және алу «С» класының фелониясы ретінде қарастырылады (7 жылға қамауда ұстау). «Шай-пұл» бергендік және алғандық үшін де жаза белгіленген. Бұл қылмыстар жеңіл қылмыстарға жатады, ол үшін 1 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру қарастырылған [6; 31].

Калифорния штатындағы жүйе басқаша. Қылмыстық кодексте лауазымдық қылмыстар екі топқа топтастырылған:

- атқарушы билік өкілдері жасаған және атқарушы билікке қарсы бағытталған қылмыстар;
- заң шығарушы билікке қарсы бағытталған қылмыстар.

Бірінші топқа жататындар: парақорлық; табысты, сыйлықты немесе сыйақыны заңсыз алу; оларды талап ету; сыйлықты ұсыну және беру, сондай-ақ қызметке тағайындалғаны үшін сыйақы алу-беру. Екінші топқа биліктің заң шығарушы органдарындағы пара алу және беру фактілеріне қатысты қылмыстар ғана жатқызылған.

«Атқарушы органдардың шенеуніктеріне пара беру немесе ұсыну» тарауына мынадай түсінік берілген: «Осы штаттың атқарушы органының кез келген шенеунігіне қандай да бір ықпал жасау ниетімен қандай да бір пара берген немесе ұсынған адам төрт жылға дейін түрмеге қамауға және штатта қандай да бір мемлекеттік қызметке тұруына тыйым салумен жазаланады».

Ал «Атқарушы органдар мен министрліктердің шенеуніктерінің пара алуы» тарауына мынадай түсініктеме берілген: «Өзінің дауысы, пікірі немесе әрекеті мәселенің шешілуіне ықпал ететінін біле тұрып пара сұраған, алған немесе алуға келіскен мемлекеттік шенеунік төрт жылға дейінгі мерзімге түрмеге қамаумен, сондай-ақ қызметінен босатуға және штатта қандай да бір қызмет атқаруға тыйым салумен жазаланады» [5; 154].

Штаттың кез келген лауазымды адамы өзіне тиесілі еместігін біле тұра табыс, сыйлық, сыйақы сұраса, алса немесе алуға келіссе, онда ол қылмыс жасаған болып саналады. Ондай әрекет үшін ол адам 6 ай бас бостандығынан айыруға, немесе 1000 долл. айыппұлға, жазаланады. Қандай да сый немесе сыйақы үшін басқа адамды жария ұйымға жұмысқа дайындаса, 10000 долл. мөлшерінде айыппұлға жазаланады және Калифорния штатында кез келген қызмет атқару құқығынан айырылады.

Пенсильвания штатының Қылмыстық кодексінде парақорлық үшін жауапкершілік «Жария басқаруға қарсы қылмыстар туралы» тарауда келтірілген, оның басқа штаттардың заңдарынан айырмашылығы — қылмыстық әрекеттің түрлері субъект және объект бойынша бөлініп алынбаған [8; 56]. Қылмыстық заң нарықтық экономика жағдайында ұзақ уақыт бойы қолданылып келген АҚШ-тың мысалында біз мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің қылмыс жасауымен байланысты қалыптасатын қатынастардың қалай реттелетінін көрсетуге тырыстық. Бірақ бұларда да шешімін таппаған көптеген мәселелер бар, солардың бірі — мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің жасаған қылмыстарын коммерциялық ұйымдар қызметкерлерінің сондай іс-әрекетінен ажырап қарастыру мәселесі. Оның себебі Батыстың әр елі лауазымдық қылмыстарға жатқызылатын іс-әрекеттер шеңберін әртүрлі анықтайды. Ал оларды саралағанда қылмыстың объектісінің ғана емес, субъектісінің де ерекшелігі ескерілуі тиіс. Олай болмаған жағдайда олардың құрамы басқа тарауларда анықталған өзге қылмыстардан ажырату қиынға түседі.

1998 жылғы 10 қыркүйекте «Парақорлық үшін жауапкершілік туралы» Еуропа кеңесінің (ЕК) заңы қабылданды, онда ЕК билік органдарының лауазымды адамдарының және ЕК-не қатысушы елдердің-мемлекеттердің лауазымды адамдарының парақорлығына қатысты жауапкершілік қарастырылған.

1998 жылғы 10 қыркүйекте «Халықаралық парақорлықпен күрес туралы» Заң қабылданды, ол 1997 жылы 33 мемлекет қол қойған «Шетелдік лауазымды адамдардың халықаралық сауда айналымындағы парақорлығымен күрес туралы» Келісімде қарастырылған ережелер негізінде даярланды. Оған сәйкес пара берушінің мүддесі үшін лауазымды адам жасаған әрекеттің немесе әрекетсіздіктің қайтарымы ретінде халықаралық сауда айналымында тиімді тапсырыс немесе елеулі артықшылық берген, көрсеткен немесе уәде еткен кез келген адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады [6; 21].

Германия қылмыстық заңында қылмыстың билікті пайдаланып, қиянат жасаудың барлық жағдайларын қамтитындай кеңейтілген құрам жоқ, сондай-ақ билікті асырудың немесе қызметтік міндетті қылмыстық орындамаудың да құрамдары жоқ.

Құжаттарды жалған куәландыру да лауазымдық қылмыстар қатарына жатқызылған, өзінше бөлініп алынған және ресми құжаттар беруге өкілетті адам құқықтық тұрғыдан елеулі фактіні жалған куәландырса немесе ресми реестрге немесе кітапқа заңсыз енгізсе, 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады немесе оған айыппұл салынады деп көрсетілген.

Дамыған басқа капиталистік елдердің қылмыстық заңнамасын алатын болсақ, оларда да мемлекеттік лауазымды адамдар жасаған қылмыстар мен коммерциялық ұйым басшылары жасаған сондай іс-әрекеттер арасындағы ерекшеліктерді айқындау мәселесі әртүрлі шешілген.

Мысалы, 1990 жылы Италияда ҚК-нің лауазымды қылмыстар туралы тарауына едәуір өзгертулер енгізген № 86 бұйрық қабылданды [9; 8]. Ол заң лауазымды адам ұғымының анықтамасын өзгертті. Бұрын лауазымды адамдар қатарына: 1) мемлекеттік қызметті тұрақты немесе уақытша атқарып жүрген мемлекеттік қызметкерлер мен мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлері; 2) мемлекеттік қызметті тұрақты немесе сыйақыға, еркімен немесе міндеті бойынша атқарып жүрген кез келген басқа адамдар жатқызылған еді.

1990 жылғы заң лауазымды адамдарға заң шығарушы, сот не әкімшілік функцияларын орындайтындарды жатқызуы, ал жария құқық нормаларымен және биліктің қаулыларымен реттелетін функциялар мемлекеттік деп саналды.

Лауазымды адамның міндетін кез келген лауазыммен атқарушы адам да лауазымдық қылмыс субъектісіне жатқызылды. Сонымен қатар адвокат кәсібімен немесе санитарлық қызмет саласындағы кәсіппен, сондай-ақ мемлекеттің арнайы рұқсатынсыз тыйым салынған кез келген басқа кәсіппен айналысатын жеке адамдар, жария әкімшілік шығарған нормативтік актіде қоғамдық қажеттілік функциясы деп анықталған функцияны орындайтын жеке адамдар да лауазымдық қылмыстар үшін жауапқа тартылатын субъектілер деп танылған. Нәтижесінде бұл субъектілер шеңбері кеңейтілді.

Бұл Қылмыстық кодекс бойынша параны бопсалаушылық және пара алу сияқты аралас құрамды қылмыстар лауазымдық қылмыстар туралы тарауға енгізілді. Сондай-ақ құрамдарды бөлектеудің өлшемдеріне пара беруші мен алушының арасындағы қатынас алынды. Параны бопсалаушы адам өз мәртебесін пайдаланып, пара берушінің үрейін ұшырады, оны пара беруге мәжбүр етеді. Ал параны жай алған жағдайда беруші мен алушы арасында ықтиярлық қатынас болады, олардың екеуі де бұл әрекеттің заңсыз екендігін ұғына отырып, оны өздерінің мүдделерін қанағаттандыру мақсатында жасайды [9; 9].

Өз қызмет бабын пайдаланып, пара бопсалаушы адам үшін 4 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза белгіленген.

Параны бопсалаушылық үш элементпен сипатталады: лауазымды адамның өз қызмет бабын пайдалануы, талап етуінің заңсыздығы және жеке адамға психикалық қысым көрсетуі. Италияның Қылмыстық кодексінде бөлек-бөлек баптарда үш құрам бөлініп алынады: лауазымды адамның құзыретіне қайшы әрекеттерді жасағандық үшін пара алу, лауазымды адамның құзыретіне кіретін әрекеттерді жасағандық үшін пара алу және параны сотта алу. Сонымен параны бопсалаушылық пен параны алу құралдарын айыру өлшемдеріне сыйақы үшін лауазымды адам жасаған әрекеттердің сипаты емес, лауазымды адам мен пара беруші арасындағы қатынастың сипаты алынады. Пара алғанда екі жақ өзара келісімге келеді, ал параны бопсалаушылықта ондай ықтиярлық болмайды.

Пара алғанда жеке адам тарапынан, ал бопсалаушылықта лауазымды адам тарапынан ынта білдіріледі.

Қызмет бабын пайдаланып, қиянат жасау Италияның Қылмыстық кодексінде елеулі лауазымдық қылмыс болып табылады. Бұл нормаға сәйкес, лауазымды адам немесе лауазымды адамның міндетін атқарушы өзі немесе басқа біреу үшін сипаты мүлкітік емес пайда көру мақсатында немесе басқа адамдарға заңсыз зиян келтіру мақсатында өз қызмет бабын теріс пайдаланса және оның іс-әрекетінде ауырырақ қылмыстың белгісі болмаса, 2 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады [9; 7].

Ал мүлкітік сипаттағы пайда көру үшін қызмет бабын теріс пайдаланған жағдайда — жаза қатаяды, 2 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге түрмеге қамалады. Бірақ басқа елдердің заң актілері сыбайлас жемқорлықпен күресте қатаңрақ шаралар қарастырған. Мысалы, Канадада сотта немесе заң органында істейтін мемлекеттік қызметкер белгілі бір әрекет жасағаны немесе ондай әрекетке жол бергені үшін материалдық және басқадай пайда алуға келісімін берсе, 14 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады. Мұндай жаза полиция комиссарлары мен әділсот саласында өкілеттік жасаушы адамдар үшін де көзделген.

Француз құқықтанушысы М. Ансельдің мынадай пікірімен келіспеуге болмайды, шетел құқығын зерделеген заңгер өз елінің құқығын жақсы игереді, өз құқығын қанша жете білгенмен, жақсы ойлар мен пікірлер оны басқа құқықпен салыстырғанда келеді [10; 41].

Мемлекеттік басқару органдарымен кез келген іскерлік келісім жасасқан кезде, көрсеткен көмегі үшін несие, комиссиялық сыйақы немесе өзгедей пайда талап еткен, ұсынған немесе алуға келісім берген лауазымды адамға түрмеге қамау түріндегі жаза қолданылады.

Қорыта келе айтарымыз, бұл жұмыста келтірілген шетелдердің мемлекеттік қызметкерлерінің, оларға теңестірілген лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ олармен аралас қызметтегілердің сыбайлас жемқорлық фактілері үшін жауапкершілігін реттеудегі тәжірибесі әртүрлі, қарама-қайшылықтар да кездеседі. Дегенмен, шетелдік нормаларға көңіл аударарлық сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы әрекет үшін отандық норма шығармашылық қызметтің құзырына пайдасы өте көп екендігі байқалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Щетинин В. Одолеем ли коррупцию? / В. Щетинин // Международная жизнь. — 1993. — № 2. — С. 76–80.
- 2 Михайлов Л.В. Борьба с коррупцией в США (80-е годы) / Л.В. Михайлов // Вопросы истории. — 1994. — № 5. — С. 10–25.
- 3 Уголовное законодательство зарубежных стран (Англия, США, Франция, Германия, Япония): сб. законодательных материалов; под ред. И.Д. Козочкина. — М.: Зерцало, 1999. — 352 с.
- 4 Зубченко В.А. Коррупция во Франции / В.А. Зубченко // Экономические и социальные проблемы России: пробл.-темат. сб. — М.: ИНИОН РАН, 2004. — 129 с.
- 5 Кузнецов Ю.А. Российское и зарубежное законодательство о мерах противодействия коррупции: учеб. пос. / Ю.А. Кузнецов, Ю.Р. Силинский, А.В. Хомутова. — Владивосток: Изд-во: ДВГАЭУ, 1999. — 198 с.
- 6 Решетников Ф.М. Ответственность за должностные преступления в зарубежных странах / Ф.М. Решетников. — М.: Юрид. лит., 1994. — 128 с.
- 7 Роуз-Аккерман С. Коррупция и государство. Причины, следствия, реформы / С. Роуз-Аккерман; пер. с англ. О.А. Алякринского. — 2-е изд. — М.: Логос, 2010. — 356 с.
- 8 Борьба с коррупцией в государственных органах Республики Казахстан: учеб. пос.; под ред. Е.О. Алауханова. — Алматы: Изд-во КазАТК, 2008. — 330 с.
- 9 Heyer R. Korruptionen be Kampfung im offentlichen Dienst / R. Heyer // Wissenschaftliche Dienste des Deutschen Bundestages. — 1999. — S. 6–10.
- 10 Ансель М. Методологические проблемы сравнительного права / М. Ансель // Очерк сравнительного права. — М.: Прогресс, 1981. — С. 36–86.

Қ.Ж. Қапсәлімов, С.С. Қапсәлімова

Зарубежный опыт борьбы с коррупционными преступлениями

На сегодняшний день наша страна переживает сложный период в своей истории на пути коренной реконструкции политической и экономической системы. Свидетельством этому являются достигнутые в настоящее время конкретные результаты экономического реформирования: практически сформирован рыночный механизм регулирования производства, устранен существовавший ранее недостаток товарно-денежной массы, обеспечено оптимальное экономико-правовое регулирование во внешней торговле. В статье выделены негативные явления и процессы в формировании рыночного хозяйства, которое, к сожалению, отрицательно влияет на экономику страны, — коррупция и теневая экономическая деятельность. Указаны причины коррупционной преступности в сфере экономики, множество примеров коррупционных проявлений. Подчеркнуто, что особенно часто, согласно аналитическим справкам, негативные проявления имеют место в сфере использования государственных ресурсов для повышения своего материального благосостояния представителями государственной власти. Коррупционные уголовные преступления с использованием служебных возможностей совершают должностные лица, имеющие контакты в таможенной сфере, а также сотрудники правоохранительных органов. Представленный в настоящей работе опыт зарубежных государств в сфере регулирования ответственности за преступления, совершаемые государственными служащими и лицами, приравненными к ним, а также за смежные с ними должностные преступления весьма разнообразен, часто противоречив и изменчив, но, во всяком случае, крайне поучителен. Однако необходимо обратить внимание, что приведенные зарубежные нормы могут быть полезны в отечественной нормотворческой деятельности по разрешению проблем противодействия коррупционным преступлениям.

Ключевые слова: правовая политика, коррупция, противодействие коррупции, международно-правовая практика, совершенствование антикоррупционной политики, проблемы борьбы с коррупцией.

K.Zh. Kapsalyamov, S.S. Kapsalyamova

Foreign experience of combating corruption

Today our country is going through a difficult period in its history in the way of a radical reconstruction of the political and economic system. Evidence of this are achieved in the present concrete results of economic reform: practical market mechanism for the regulation of production, eliminated pre-existing shortage of the commodity-denini mass, optimization of economic-legal regulation in foreign trade. However, there are still a number of negative phenomena and processes in the formation of the market economy, which unfortunately has a negative impact on the country's economy — corruption and shadow economic activities. We know many reasons of corruption crime in the economic sphere. There are many examples of corruption. Very often, according to analytical information, it has negative manifestations in the sphere of use of public resources to improve their material well-being representatives of the government. In the implementation of corruptive criminal offences with the use of official capacity to call officials with contacts in the customs sphere, as well as law enforcement officers. Presented in this paper the experience of foreign States in the sphere of regulation of responsibility for crimes committed by civil servants and persons equated to them, as well as the related malfeasance are very diverse, often contradictory and changeable, but in any case, highly instructive. However, it is necessary to pay attention that the foreign rules can provide many benefits in the domestic rulemaking on razresheny of the problems regarding fighting corruption offences.

Keywords: legal politic, corruption, anti-corruption, international legal practice, improvement of anti-corruption policy, fight against corruption.

References

- 1 Shchetinin, V. (1993). Odoleem li korruptsiuu? [Could we overcome the corruption?]. *Mezhdunarodnaia zhizn — International life*, 2, 76–80 [in Russian].
- 2 Mihajlov, L.V. (1994). Borba s korruptsiei v SShA (80-e hody) [The fight against corruption in the United States (80 years)]. *Voprosy istorii — Questions of History*, 5, 10–25 [in Russian].
- 3 Uholovnoe zakonodatelstvo zarubezhnykh stran (Anhliia, SShA, Frantsiia, Hermaniia, Yaponiia) [Criminal legislation of foreign countries (England, USA, France, Germany, Japan)] (1999). I.D. Kozochkin (Ed.). Moscow: Zertsalo [in Russian].
- 4 Zubchenko, V.A. (2004). Korruptsiia vo Frantsii [Corruption in France]. *Ekonomicheskie i sotsialnye problemy Rossii — Economic and social problems in Russia*. Moscow: INION RAN [in Russian].
- 5 Kuznetsov, Yu.A., Silinskij, Yu.R., & Homutova, A.V. (1999). *Rossiiskoe i zarubezhnoe zakonodatelstvo o merakh protivodeistviia korruptsii [Russian and foreign legislation on anti-corruption measures]*. Vladivostok: Izdatelstvo DVGAEU [in Russian].
- 6 Reshetnikov, F.M. (1994). *Otvetstvennost za dolzhnostnye prestupleniia v zarubezhnykh stranakh [Responsibility for malfeasance in foreign countries]*. Moscow: Yuridicheskaia literatura [in Russian].
- 7 Rouz-Akkerman, S. (2010). *Korruptsiia i hosudarstvo. Prichiny, sledstviia, reformy [Corruption and the state. Causes, consequences, reforms]*. O.A. Alyakrinskii (Ed.). Moscow: Lohos [in Russian].
- 8 Borba s korruptsiei v hosudarstvennykh orhanakh Respubliki Kazakhstan [The fight against corruption in the state bodies of the Republic of Kazakhstan] (2008). E.O. Alaukhanova (Ed.). Almaty: Izdatelstvo: KazATK [in Russian].
- 9 Heyer, R. (1999). Korruptionen be kampfung im offentlighen Dienst. *Wissenschaftliche Dienste des Deutschen Bundestages* [in Deutsche].
- 10 Ansel, M. (1981). Metodolohicheskie problemy sravnitelnoho prava [Methodological problems of comparative law]. *Ocherk sravnitelnoho prava — Essay on comparative law*. Moscow: Prohress [in Russian].